

Ақтөбе облысы
Байғанин ауданы
«Қажығали
Мұханбетқалиұлы
атындағы орта мектеп-
гимназия» коммуналдық
мемлекеттік мекемесі
БҰЙРЫҚ



Актюбинская область
Байганинский район
коммунальное
государственное учреждение
«Средняя школа-гимназия
имени Қажығали
Мұханбетқалиұлы»
ПРИКАЗ

«13» мамыр 2025 жыл

№251

Қарауылкелді ауылы

2024-2025 оқу жылының аяқтау, білім алушылардың аралық және қорытынды аттестаттаудан өткізу туралы

Ақтөбе облысының білім басқармасы, Байғанин ауданының білім бөлімі облыстық білім басқармасының 02.05.2025 жылғы №01-00\4783 санды хатын негізге ала отырып, 2024-2025 оқу жылын аяқтау, білім алушылардың 5-8,10, 9-11 кластарды қорытынды аттестаттауын өткізу мақсатында

Бұйырамын:

Қажығали Мұханбетқалиұлы атындағы орта мектеп-гимназиясының 2023-2024 оқу жылын аяқтау және бітіруші сыныптар оқушыларының қортынды аттестаттауын өткізу төмендегідей тәртіпте қосымшаға сәйкес белгіленсін.

1. 5,6,7,8 және 10 сынып оқушылары 26-30 мамыр аралығында қазақ тілі пәнінен аралық аттестаттаудан өткізілсін.
2. Негізгі орта білім беру оқу бағдарламасын меңгерген 9 сынып оқушыларын қортынды аттестаттау 2025 жылғы 29 мамыр – 10 маусым аралығында өткізілсін.
3. Жалпы орта білім берудің білім беру оқу бағдарламасын меңгерген 11 сынып оқушыларын аттестаттау 2025 жылғы 30 мамыр – 16 маусым аралығында өткізілсін.
4. Жалпы орта білім туралы «Алтын белгі» аттестатын алуға үміткерлердің оқу пәндерінен емтихан тапсыру барысын академиялық адалдық қамтамасыз ету үшін қадағалау, жазбаша емтихан жұмыстарын бақылау шаралары ұйымдастырылсын.
5. Білім беру ұйымдарында 25 мамыр күні оқу жылының аяқталуына арналған «Соңғы қоңырау» шарасы, 12-18 маусым аралығында жалпы орта білім туралы аттестаттарды тапсыру шараларын міндетті түрде мектеп қабырғасында өткізу әрі білім алушылардың өмір қауіпсіздігін күздіретті мекеме өкілдерімен бірге қамтамасыз ету шаралары қатаң бақылауға алынсын.
6. Мектеп оқушыларының ата-аналарынан қаражат жинау мәселесі қатаң бақылауға алынсын.
7. Ұлттық білім беру деректер қоры мәліметтері мен электронды бағалау жүйесінің уақытылы, сапалы толтырылуы, жылдық, қорытынды бағалардың уақытылы қойылуы қадағалансын.
8. Осы бұйрықтың орындалуы мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары К.Ж.Молбаеваға, мектеп директорының бастауыш сыныптар жөніндегі орынбасары В.Қ.Базарбаеваға, мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Е.Н.Қожабеваға міндеттелсін.

Мектеп директоры:

Б.Ж.Нуртазина